

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/PWSR9742>***Ұ. К. Исабекова¹, А. С. Қуанышев²**

¹Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2011-9255>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0684-2634>

*e-mail: isabekovauldar@mail.ru

АУ ‘АЙ’ АСПАН ДЕНЕСІНІҢ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ

Мақалада аспан денелерінің ішінде қазақ дүниетанымына ерекше әсер еткен ау ‘ай’ астрономиялық атауы күрделі сипатқа ие және ол барлық наным-сенімдерде кездеседі. Жұмыстың негізгі мақсаты – тарихи-салыстырмалы зерттеу арқылы түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы семантикалыққабаттарын ашу және паремиялар арқылы әлем бейнесін көрсету. Сонымен қатар, көне түркі кезеңінен бастап, барлық түркі жазба ескерткіштерде қолдану ерекшеліктерін салыстырмалы-тарихи аспектіде зерттеуді негізге алып, қазіргі қазақ тілімен фонологиялық, семантикалық, грамматикалық, прагматикалық сабақтастығын анықтауды мақсат етіледі. Осы мақалада зерттелген ау ‘ай’ ұғымы негізгі базистік лексиканы құрайтындықтан, оның лексикалық мазмұны әлем тілдерінде кездеседі деп күтілуде. Материалдар түркі және орал-алтай тілдік топтарына қатысты сөздіктерге сүйенеді. Сонымен қатар, талдау барысында этимологиялық сөздіктер пайдаланылды. Айдың жарық шығару қасиеті, ерекше түсі, өзгермелі пішімі (фазасы) қазіргі түркі тілдерінде семантикалық жүйе құрап, сан алуан конструкциялардың жасалуына негіз болды. Солардың ішінде ау ‘ай’, лексемасының жан-жақты қолданысы мен алуан түрлі семантикалық қырларының қазіргі қазақ тілінде де сақталу деңгейін анықтап, қазақ тілінің тарихи сөздік қорындағы орнын бағамдаймыз. Сол арқылы тілдің табиғатын және ортатүркілік сөздік қорды қалпына келтіре

отырып, ортатүркілік дүниетанымдық ерекшелікті анықтауға тырысамыз.

Кілтті сөздер: түркі тілдері, лексикология, семантика, әлем бейнесі, ай.

Кіріспе

Жердің ғарыштағы ең жақын табиғи серігі, қараңғы түнге жарық беретін күннің айнасы – Ай адам аяғы ең бірінші басқан ғаламшар. Айды зерттеудің алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, қазіргі нанотехнологияларды қамтитын сан мыңдаған жылдар бойғы тарихы бар. Ғылымда Ай базалық концепті «дискретті ойлау бірлігі ретінде универсалды заттық кодта бекімейді», «ойлау бірлігі ретінде қызмет ете алмайтындықтан», күрделі лексика-семантикалық жүйе екені белгілі [1, 58–65–66.]. Айдың көп қырлы жұмбақ табиғаты адамзат дүниетанымында қарама-қайшылыққа толы ерекше тілдік конструкцияларды жасады. Ол конструкцияларда адамзат өркениетіне ортақ типтер мен когнитивтік қабаттар және ұлттық концептуалды интерпретацияларды жасауға тірек болды.

Қазақ тілінің сөздік қорының негізгі базалық қабатындағы ау ‘ай’ әлемдік тілдік бейнедегі дүниетанымдық ерекшеліктер мен ұлттың құндылықтарын белгілей отырып, атадан балаға мирас болып куммулятивті қызмет атқарады. Тарихи процесте белгілі бір жағдайда белгілі бір себептермен жасалып, уақыт өтуімен қолданыста сол тілді тұтынушылар тарапынан шындалған тарихи лексемалар тілдік ортада жан-жақты дамып, тұтынушылардың коммуникациялық сұраныстарын әлі де жүзеге асыруда. Осындай тарихи лексемаларды фиксациялаған көнетүркілік, ортатүркілік жазба ескерткіштердің қазақ тіліндегі тілдік фактілермен сабақтастығы қарастырылады. Сонымен қатар «Айдың» мифологиялық концепциясы талқыланып, фольклорлық және әдеби деректер негізінде оның архаикалық мағыналық ерекшеліктері жаңғыртылады. Аспан денелерінің ішінде адамзат жаратылғаннан бері атауға ие болып, рухани өмірі мен тұрмыс-тіршілігінде үлкен рөл атқарған ау ‘ай’ ұғымы когнитивтік-стилистикалық аспектідегі бейнелік және символдық семантикасы тұрғысынан лексикалық репрезентация ретінде қарастырылуы және тарихи лексема ретінде тілдік дамудың барлық кезеңдердегі фонологиялық, лексика-семантикалық, прагматикалық даму ерекшеліктерін тұтастай байланыста зерттеген жұмыстардың аз болуы осы мақаланың өзектілігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістері

Фонологиялық құрылымы VC моделді ‘ай’ тарихи лексемасы тұрақты, көне түркі ескерткіштері мәтіндерінен бастап кедеседі, ортағасырлық М.Қашқари сөздігінде ‘ай жіңішкерді’; ‘толған ай’; ‘ай дөңгеленді’; ‘толған

ай(дай) (оның) жүзі' [2, 511-б.]. Бұл астрономиялық термин қыпшақ тобындағы тілдерде башқұрт, қырғыз, қазақ тілдерінде ау 'ай' түрінде қазіргі кезде де қолданылады. Көне түркі ескерткішінде планета атауы ретінде 8 рет, уақыт өлшемі ретінде 37 рет қолданылса, ортағасырлық ескерткіштердің ішінде Қашқари сөздігінде 19 рет кездесуі оның белсенділігін білдіреді. Қазақ тілінде ау 'ай' негізгі екі үлкен мағынаны білдіреді: 1. «Түнде жарық сәуле шашып тұратын аспан денесі». 2. «Жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, отыз-отыз бір күндік мерзім» [3, 131-б.]; басқа тілдерде қосымша «жарқыл, шұғыла» мағынасы да бар [4, 833-б.]. Қырғыз тілінде мағынасы қазақ тілімен орайлас, ал башқұрт тілінде бес түрлі мағыналық ерекшелігін, соның ішінде «жоғары күш, жаратушы» деген мифологиялық мағынасын қоса береді [5, 169–170-бб.]. Қазақ тілінде 20-дан астам туынды сөздер жасалса, 50-ге жуық фразеологиялық единица (бұдан кейін ФЕ) құрамына ұйытқы болған. Этимологиясы етістікті омонимия ретінде Э. В. Севортян еңбегінде қарастырған. Арғытүркі кезеңдерде де жоғарыда аталған дыбыстық құрам тілдік заңдылықтарға сай қалпына келтірілген және «айдын, айлық, айлан, т.б.» лексемеларға ұйытқы болған [6, 25-б.]. Аталған лексеманы семантикалық талдауда қосымша мәліметтер «Бабалар сөзі: 100 томдық» еңбегіндегі батырлық, лиро-эпостық жырлар жинақталған 53, 54-томдарынан алынды.

Нәтижелер және талқылау

Тілдік қордағы айға қатысты ерекше тілдік конструкциялар мен нысан арасындағы байланыстары ірі төрт топты құрайды, әр топтың одан ары семантикалық дамуы орын алған. Кеңістіктік тұрғыдан алғанда, ай аспанда, яғни жоғары әлемде тіршілік етіп, адам түнде ғана көретін аспан денесі. Жер бетіне ай мен күннің ортақ болуы жалпы адамзаттың тілдік дүниенің көркем бейнесінде орын алды. Табиғатпен үйлесімді өмір сүрген көшпелі түркілердің рухани құндылықтарына Айдың барлық ерекшеліктері ерекше әсер еткен. Қазақ халқының тілдік дүниенің көркем бейнесінде бекіген сұлулықты ай мен күнге теңеуі осының бір дәлелі: *ай десе аузы бар; күн десе көзі бар / айдай аузы, күндей көзі бар* 'аса сұлу', 'өте көрікті'; *айдай таза, күндей нұрлы* 'өте көрікті, асқан сұлу'; *ай қабақ, алтын кірпік* 'асқан сұлу', 'өте көркем'; ауыс. *айдан ұл тудырып, күннен қыз тудыру* «қолдан келгеннің бәрін істеу», «болдырмасты болдыру». Осы ФЕ аналогтері барлық түркі тілдерінде кездеседі және мифопоэтикалық ойлау жүйесінде жаратылыстың ең сұлулығын «ай мен күнге» бекіткен [7, 267–281-бб.]. Сонымен қатар Еуропа (орыс, ағылшын) елдері мәдениетінде «айдың сұлулық пен кемелдіктің символдық мәнге ие болуы шығыс елдерінен» енген [8, 26-б.].

Айдың өзіне тән пішімінің болуы оның ең басты бірінші ерекшелігін қамтиды. Адам айды пішінін өзгертуге қабілетті нысан ретінде қабылдайды.

Өз кезегінде бұл айдың номинациясы үшін әртүрлі лексемалардың қолданылуымен дәлелденеді, оның мағынасында осы аспан денесінің пішінінің сипаттамасы ашылады. Айдың пішімі үнемі «қозғалыс» семантикасымен сабақтасып жатыр. Қазақ тілінде айдың көк жүзінде көріну фазаларын сипаттайтын тіркестер бар: айдың бірінші жартысын айдың жаңасы, ал соңғы жартысын айдың қараңғысы деп жіктейді; жаңа туған айдың көзге көрінбейтін алғашқы екі күні мен соңғы көзге көрінбейтін екі күні өліара деп аталса, жаңа ай жарықсыз Жерге көрінбейтін фазасы; орақ сияқты көрінген айдың мұндай фазадан толық айға өтуінің бастапқы кезеңін атайды. Бұл ай фазасының жер бетіне, жалпы адам өміріне әсері (эффетісі) қызу зерттеліп жүрген тақырып. Айдың бұл фазасы адамның биологиялық күйі мен психологиялық ахуалына әсер етеді. Жаңа ай дамушы елдердің нарығына оң әсер етіп, «инвестицияның өсуіне» мүмкіндік береді [9, 23-6.].

Өмірлік маңызды істер, әдетте, айдың «өсу» кезеңінде жаңа айдан (ай наазы) толық айға (ай толызы) дейін жоспарланады.

Жаңа ай туғанда қазақтар арасында осы кезеңде де оған тағзым етіп, тілек тілеп, бет сипау орын алған, «Ай көрдім, аман көрдім, Бұрынғыдай заман көрдім, Жаңа Айда жарылқа, Ескі Айда есірке! Тірілерге жиған бер, Өлілерге иман бер, Аллаһу акбар!» немесе: «Аман көрдім, Ай көрдім, Жұлдызым жоғары болсын!», – деп Айға қарап, арман-тілектерін айтып, оның орындалуын тілейді [10, 23-6.]. Жаңа Ай туғанда: «Туған Айдай қылып жарылқа, Шыққан күндей қылып жарылқа. Басты аман, бауырды бүтін қыл, Отыңа оралтпа, суыңа сүрінтпе» – деп жатады [11, 432-6.]. Бұл тілдік конструкциялар сан алуан ғұрыштар мен ырымдардың интерактивтілігін қамтамасыз ететін аса қажетті функционалдық атрибуттары болды. Ай фазасындағы өзгерістерді жіті бақылаған халықтарда, айталық, славяндарда Айды мүйізді сиырға теңеп, жерге жакын түскен «Ай-Сиырды жалмауыз сауады» деген түсінік болған [12, 146-6.]. Түркілік дүниетанымда керісінше, малды айға теңеген, қазақтарда жылқыдан басқа төрт түліктің ерекше жақсысын ай/аша тұяқ; қырғ. т. ай тұяқ деп атаған; «мықты, қуатты» серкені ай мүйізді қошқар деп атаса, «киелі» деп есептелетін ай тұяқты бозқасқаны (қой) құрбандыққа шалу дәстүрі әлі күнге кездеседі. Наным-сенім бойынша мүйізді малдың киелісін тек Айға теңеуі халықтың «ерекше құрметі мен мал басының амандығының кепілі» деп есептеген [6, 74-6.]. Бұл алғашқы қауымдық дәстүрдегі «билік пен күштің символы болған мүйіз» туралы таныммен сабақтасып жатыр [13, 298-6.]; Ер жігіттің бес қаруының біріне айбалта деп атап, «жүп-жұмыр» білекті ФЕ айбалтаның сабындай деп сипаттайды. Сұлу қыздың білегін «шырайы Айбалтаның сабындай» деп фольклорда жырласа («Қыз Жібек»), туған айдың алғашқы 4-6-күндері немесе өліарадан кейінгі 15-күн он бестегі/туған айдай толықсу ФЕ бекіп,

фольклорлық жырларда бой жетіп балқыған Гүлбаршынды «он бесте туған ай еді» деп сипаттаған («Алпамыс батыр»). Жалпы туған ай сұлулықтың эталон-символы болған, фольклорлық дәстүрде нәресте мен ‘аса сұлу’, ‘көрікті’ қыздың жүзін суреттеуде туған Айдай, туған Айдай иілу, туған Айдай балку, туған Айдай толку т.б. фольклорда ең жиі қолданылатын теңеу жырларда: Туған айдай жалтырап; Туған айдай нұрланып, Туған айдай иіліп; Туған айдай толықсып; Туған айдай иілген екі қастың арасы деп суреттесе («Қыз Жібек»); Туған айдай балқыған; Жүзіміз артық болды туған айдан («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»); бейістен туған ай (Байшұбар) («Қобыланды батыр»); Тоғыз жасқа келгенде, Туған айдай толады; Он төртінде толып туған ай едік Байсары» («Алпамыс батыр»).

Айдың әр түрлі фазасына байланысты пішімінің өзгеруімен атмосфералық құбылыстар арасында байланыс барлығын терең меңгерген түркі халықтары ауа райын болжап, мал шаруасына ыңғайлы жағдай жасаған. Жаңа туған Ай орағы қылдырықтай болып, батыс көкжиектен кеш қараңғысында көрінетіні белгілі. Қазақтарда «Ай тігінен не қырынан туса, «Ай жайлы туыпты, күн райы шаруаға қолайлы болады» деп жақсылыққа жорыған. Осымен байланысты Ай оңынан туды деген ФЕ, «Айың оңынан тусын!» деген баталы сөз тіркестері қалыптасты. Егер Ай шалқасынан туса, «өзіне жайлы, малға қолайсыз» деп күн райының бұзылатынын, қыста аяз, көктем мен күзде жауын-шашынды болатынын болжаған [14, 416-б.].

Туған айда болатын жауын-шашынды ел ішінде ай бетін жуары башқұрт тілінде Ай битен йыуа ‘месяц умывается’ деп атайды [15, 452-б.]. Сондықтан, шаруа баққан адам шалқалап туған Айды жақтырмай, үйелеп қалған малға ұқсатқан [13, 210-б.]. Мұндай жағдайда хакастар «қауіпті кейіпке еніп, бізді өзіңнің ашу-ызаңның құрбаны етпе (Фазы луны меняются и года проходят. Ты не принимай угрожающего вида и не делай нас жертвами своего гнева!)» деген архаикалық таныммен байланысты дұға-тілектерін айтады [16, 567-б.]. Башқұрттарда Ай башы ‘(туған) ай басы’ отбасылық жұмыстарға сәтті уақыт болып табылады: нәрестенің алғашқы шашын алғаннан бастап, үй салып, отбасын құру, үйлену сияқты маңызды жұмыстарға ыңғайлы болып есептеледі [15, 8-б.] (новолуние; начало луны (месяца); благоприятное время для хозяйственных и семейных начинаний; время обращений к Всевышнему с молитвами о здоровье, благополучии; открытое время. Первая стрижка волос, ногтей у ребенка, женитьба сына, строительство дома проводились на новый, молодой месяц).

Ай фазасындағы келесі ерекше кезең толық айға қатысты. Күннің Ай беті толық жарықтандыруынан толық шеңберге ұқсайтын 3–4 тәулікті толық ай/толған ай деп атайды. Толық ай фазасын зерттеушілер адам қалыпты тамақтану мөлшері «8 % ұлғаятынын» анықтаған [9, 23-б.]. Оған

қоса толған ай «адам психологиясына кері әсер» ететінін, тіпті дағдарыстар мен «акциялардың кірістілігі төмен» екенін, әсіресе Ай эффектісі дамып келе жатқан нарықтық экономикалық елдерінде өзгеріп тұратынын зерттеулер нәтижелері көрсетеді [9, 23-б.]. Қоғамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтар, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, айдың бұл фазасында «жоғарлайтынын» [17, 200-б.] дәлелдейді. Егер зерттеушілердің репродуктивті әйелдің қалыпты жағдайдағы 28 күнді қамтитын «етеккір» циклі мен ай фазалары арасында синхронды байланыстың барлығын» қорытындыларымен келісетін болсақ, онда адамның «жатырда пайда болуының көп үлесі толық айда», ал туылуы ай фазасының» екінші ширегіне сәйкес келетіні туралы тұжырымдарды да жоққа шығара алмаймыз. Айдың үшінші тоқсанында адамның туылуы ең жоғарғы көрсеткішке жететінін дәлелдейді.

Ал толған ай құбылысы фольклорлық жырларда Толған айдай толықсып, ақ сазандай бұлықсып («Қыз Жібек»); Ай мен күндей толықсытып («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») деп «әйел сұлулығының шыңына» жеткенін суреттейді. Осы қазақы дүниетаным эллиндік кезеңдегі қызға тән сұлулық пен нәзіктіктің символы болған әйел құдайы Изида - (греч.) Селенаның көркем бейнесімен астасып жатыр, мұнда «бозарған, өңсіз» сияқты негативті» немесе нейтралды эстетикалық баға жоқ [18, 152-б.]. Бұдан Ай туралы түркілік концептуалды жүйеде грек, рим, египет және көпшілігі көне тайпалардың мәдениеті сақталып, солардың әсері бейнеленгенін аңғарамыз. Толған ай қазақ халқының мифопоэтикалық ой жүйесінде толған айға қарап қолынды шошайтпа, айға қарап түзге отыруға болмайды; айға қарап телмірме, ай адамның жанарын, сұлулығын, терінің жастығын алады деген тыйымдар қалыптасса, Ай толғанда желі тартуға, көшуге, үй тігуге, қыз ұзатуға тыйым салады [6, 175-б.]. Ал башқұрттарда ай азағы «айдың аяғы» экономикалық және отбасылық бастамалар үшін қолайсыз уақыт, бірақ аурудың рухын шығаруға қолайлы уақыт деген түсінік қалыптасқан. Айдың аяғында қыз баласын тұрмысқа беруге болмайды. Көнеден келе жатқан наным-сенім бойынша айдан қорғану үшін қыздарына айсырға тағып ырымдаған. Толған Айдың сәулесі басы ауыратын, сақинасы бар адамдарға әсер етеді деп сенген. Сапарға шығуда «Ай толғанда жолға шықпа» деп ең қауіпті кезеңді айдың толысуымен байланыстырған. Ш. Уәлиханов «Қазақтардың Айға ерекше тағзым ететінін, наным-сенімнің көп» екенін айта келе, «Ай – бір кезде тәңірі болған тәрізді. халқы ай жаңасын көргенде 3 рет иіліп сәлем беріп, қара жерге маңдайын тигізіп бас иеді. Жаз болса, сол маңдайын тигізген жердің шөбін алып, үйіне әкеліп, отқа тастайтынан» жазды [19, 28]. Туған айға «3 рет сәлем беру» хакас дәстүрінде де кездеседі және ах толы «ай туғаннан кейінгі 14-і» «ең сәтті» күн деп есептеледі. Егер айға кірпік қақпай қадалып ұзақ қараса, ондағы кемпір кірпіктерін санап қояды да, өмірге қатер

төнөді деп жорамалдаған. Толған Айдың бетіндегі дақтар фольклорда әртүрлі оқиғаларға мотив болды. Айталық, неміс ертегісінде түнде ұры ұрлаған екі шелегімен айдан бір-ақ шыққандықтан, Айдың бетінен оның образын көруге болады [20, 108-б.].

Айдың ерекше қасиеттерінің бірі – жарығы мен түсінің болуы. Айдың өзінен жарық шығатын ғаламшар болып көрінгенімен, шын мәнінде, бұл жердің арғы бетінен айға түскен күннің сәулесі. Осы ерекшелік барлық тілдерде әр түрлі конструкциялардың жасалуына негіз болды. «Ай – түнгі жарықтандырушы» концептуальды моделі орыс, неміс тілдерінде «жиі кездеседі» [18, 50-б.]. Қазақ тілінің паремиологиялық қорында айдың жарығы тіркесі негіз болған Ай жарығы әлемге, шам жарығы түбіне; Мен ұрлық қылғанда ай жарық болды мақалдар бар. Екеуі де қараңғы түнде айдың анық көрінуімен байланысты, соңғы мақал ауыс мағынада «адам бір әрекет істегенде, көлденең кедергі пайда болғанда» қолданылады. Ай өзінен жылу шығармайтын, бірақ қараңғы түнде жарық болып көрінуі ай сүттей жарық «бұлтсыз, толған айлы түн» немесе ай тастай қараңғы/тастай қараңғы «көзге ешнарсе көрінбейтін өте қараңғы түн» ФЕ негіз болған. Ғылыми түсініктемелерде айдың жарығы «адам миына, ұйқыға әсері» еуропалық ғалымдар тарапынан біршама зерттеліп келеді. Қазақ халқында мал шаруашылығына байланысты қалыптасқан наным-сенімде: сүтке Ай жарығы түссе, малдың (сиыр, бие, т.б.) желіні ауруға ұшырайды деп сенгендіктен, айлы түнде үйден сыртқа сүт алып шықпауға тырысқан. Амалсыз алып шықса, онда сүттің бетін жауып, Ай жарығын түсірмеген. Ал түнде нәрестенің бетіне айдың жарығы түсуінен қауіптену түркілерден басқа халықтарда да кездеседі. Словяндар екіқабат әйелдер мен нәрестелерге түнде далаға шығуына тиым салған, «ай жарығы терезеден түспесін» деп қалың перде тұтып, «ыдысқа су құйып қоятын болған. Өзінен жарық шығармайтын, жылуы жоқ Айды Жапон мифтерінде Инь ұғымы, яғни әйел затымен байланыстырып, жылылықтың, жарық пен қозғалыстың символы Күнмен, яғни өмірмен байланыстырады. Өмір мен өлімнің қатар жүретін құбылыс болғандықтан, Айды қараңғылық пен өлімнің символы санаған. Бұл Қытайлардың дүниетанымына да ортақ. Концепт ретінде айдың өліммен байланысты символдық мәнін зерттеген Т. В. Захарова «жиі кездесетінін» «41,3 % (орыс), 43 % (неміс)» қамтитынын көрсетеді. Фасмер сөздігінде айдың II. «смерть», смол., лунуть «бухнуть, хлопнуть, выстрелить; умереть», блр. лунуць «погибнуть» мағыналарын көрсетеді.

Қорытынды

Қазіргі түркі тілдеріндегі ау ‘ай’ астрономиялық термині көне тілдік қабатты құрайтын тарихи лексема болып табылады. Қазақ, башқұрт, қырғыз тілдеріндегі негізгі мағыналары көнетүркілік және

ортатүркілік жазба ескерткіштерден бастап кездеседі. Ерте кезден-ақ түркілер айдың өзіне тән пішімінің болатынын білген. Соған байланысты пішімінің өзгеруімен атмосфералық құбылыстар арасында байланысты табиғатпен етене жақын түркілер терең меңгеріп, тұрмыс-салтында ауа райын болжап, мал шаруасына ыңғайлы жағдай жасаған. Шығыс халықтарында ерте кезеңдерде қолданылған Ай күнтізбесі қазіргі түркі халықтарының дүниетанымында сақталған.

Айдың жарығы мен ерекше түсінде түркі тілдерінде әр түрлі конструкциялардың жасалуына негіз болды. Тілдік дамуда экстралингвистикалық және фонологиялық-семантикалық заңдылықтардың әсерінен сыртқы корпусы тұрақтылық сақтағанмен, ішкі мазмұндық жүйесін байыта отырып дамыған. Түркі халықтарындағы Ай культіне қатысты жекелеген элементтер ерте моңғол халықтары және Еуропа мәдениетімен астасып жатады. Оның төркіні протомонғолдар мен түріктер арасындағы байланыстарға барып саяды. Сонымен, Ай физикалық сипаттамалар мен қасиеттердің белгілі бір жиынтығы бар материалдық объекті ғана емес, күрделі семантикалық жүйесі мен символдық мәні бар маңызды лексема болып табылады. Оның адам санасының басқа да маңызды белгілері мен архетиптерімен байланыстылығы, әлемнің көркем суретіндегі оның лексикалық көріністерінің сан алуан болуы көп қатпарлы тарихи лексема екенін дәлелдейді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Стернин, И. А.** Концепция құрылымын зерттеу әдістемесі // Когнитивтік лингвистиканың әдіснамалық мәселелері [Мәтін]. – Воронеж, 2001. – 58–65 б.
- 2 **Эрмерсом, Р.** Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии – А. М. Ауэзовой [Мәтін]. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 511 с.
- 3 **Ысқақов, А., Уәли, Н.** Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық [Сөздік]. – Алматы: Арыс, 2011. – Т. 8: К-Қ. – 752 б.
- 4 **Фасмер, М.** Этимологический словарь русского языка [Словарь]. – М.: Прогресс, 1987. – 811 с.
- 5 **Хисамитдинова, Ф. Ф.** Башкорт теленең академик һүзлеге = Академический словарь башкирского языка [Словарь]. – Уфа: Китап, 2011. – Т. 1. – 431 с.
- 6 **Әлімбай, Н.** Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі [Энциклопедия]. – Алматы: DPS. – Т. 1. – 2011. – 210 с.

7 **Бурнаков, В. А., Цыденова, Д. Ц.** Луна в традиционном мировоззрении хакасов [Текст]. Вестник НГУ. Серия: История, филология, 2013. – Т. 12. – В. 3. – 267–281 с.

8 **Сидорова, Н. П.** Мифологический портрет луны в русской концептосфере [Текст] // Вестник ВГУ. Серия 2 : Языкознания. 2008. – № 2(8). – 170–174 с.

9 **Yuan, K., Zheng, L., Zhu, Q.** Are investors moonstruck? Lunar phases and stock returns [Electronic resource] // Journal of Empirical Finance. 2006. – Vol. 13, Issue 1. – 1–23 p. – <https://www.bus.umich.edu/pdf/mitsui/workshopdocs/ZhengMoonstruck.pdf>

10 **Абылқасымов, Б.** Магиялық фольклор // Бабалар сөзі: 100 томдық [Мәтін]. Т. 93. – Астана : Фолиант, 2012. – 23 б.

11 **Қасқабасов, С. А.** Бабалар сөзі : 100 томдық: Ғұрыптық фольклор. [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2012. – Т. 90. – 432 б.

12 Славянские древности: этнолингвистический словарь в 5-ти томах [Словарь]. – М. : Международные отношения, 1995. – 146 с.

13 **Пименова, М. В.** Образы и символы луны в произведениях А. С. Пушкина // Интерпретация текста: лингвистический, литературоведческий и методический аспекты [Текст]. – Чита, 2007. – 298 с.

14 **Сейдімбек, А.** Қазақ әлемі [Мәтін]. – Алматы, 1999. – 416 б.

15 **Хисамитдинова, Ф. Г.** Мифологический словарь башкирского языка [Словарь]. – Москва : Наука, 2010. – 452 с.

16 **Катанов, Н. Ф.** Материалы и сообщения / ред. Доможаков Н.Г. – Абакан: Хакаское книжное издательство, 1958. – 567 с.

17 **Agel, Jerome.** The Lunar Effect: Biological Tides and Human Emotions – Garden City, N. Y. : Anchor Press. – 1978. 200 p. [Electronic resource]. – <https://www.amazon.com/Lunar-Effect-Biological-Tides-Emotions/dp/0385128975>

18 **Захарова, Т. В.** Фольклорно-символические ментальные образования в русском и немецком языках (на примере слов ‘луна’ и ‘Mond’) [Текст]. : дисс. ... канд. филол. н. – Новокузнецк, 2016. – 204 с.

19 **Уәлиханов, Ш.** Таңдамалы шығармаларының бес томдығы [Мәтін]. – Т. 1. – Алматы, 1984. – 432 б.

20 **Früh, S.** Der Mond : Märchen, Brauchtum, Aberglaube [Text]. – Waiblingen : Verlag Stendel, 1999. М. – 125 p.

References

1 **Sternin, İ. A.** Konsepsia qūrylymyn zertteu ädistemesi // Kognitivтік lingvistikanyñ ädisnamalyq мәseleleri [Methodology for studying the structure

of the concept // methodological problems of cognitive linguistics] [Text] . – Voronezh, 2001. – 58–65 p.

2 **Ermersom, R.** Divan Lugat at-Turk / Perevod, predislovie i komentarii – A. M. Auezovoi [Divan Lugat at-Turk / Translation, preface and comments by A. M. Auezova] [Text]. – Almaty` : Dajk-Press, 2005. – 511 p.

3 **Ysqaqov, A., Uäli, N.** Qazaq ädebi tiliniñ sözdıǵı : on bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language]. [Dictionary]. – Almaty : Arys, 2011. – T. 8. – 511 p.

4 **Fasmer, M.** Etimologicheski slovär ruskogo iazyka [Etymological Dictionary of the Russian Language]. [Dictionary] – M. : Progress, 1987. – 752 p.

5 **Hisamitdinova, F. Ğ.** Başkort teleneñ akademik hüžlege = Akademicheski slovär başkirkского iazyka [Academic dictionary of the Bashkir language] [Dictionary]. – Ufa : Kitap, 2011. – T. 1. – 431 p.

6 **Älmbai, N.** Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәстүрлі жүйесі [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names] [Text]. – Almaty : DPS. – T. 1. – 2011. – 210 p.

7 **Burnakov, V. A., Cydenova D. Cz.** Luna v tradicionnom mirovozzrenii xakasov [The Moon in the Traditional Worldview of the Khakas] [Text] // Vestnik NGU. Seriya: Istoriya, filologiya, 2013. – T. 12. – V. 3. – 267–281 p.

8 **Sidorova, N. P.** Mifologicheskii portret lunny v russkoi konceptsii [Mythological Portrait of the Moon in Russian Conceptosphere] [Text] // Vestnik VGU, 2008. – 170–174 p.

9 **Yuan, K., Zheng, L., Zhu, Q.** Are investors moonstruck? Lunar phases and stock returns // Journal of Empirical Finance. 2006. – Vol. 13. Issue 1. – 1–23 p. [Electronic resource]. – <https://www.bus.umich.edu/pdf/mitsui/workshopdocs/ZhengMoonstruck.pdf>

10 **Abylkasymov, B.** Magiyalyq fol'klor [Magical Folklore] [Text]. – Astana : Foliant, 2012. – 23 p.

11 **Qasqabasov S. A.** Babalar sózi : Ğuryptyq fol'klor [Words of the Ancestors: Ritual Folklore] [Text] – Astana : Foliant, 2012. – 432 p.

12 Slavänskie drevnosti : etnolingvisticheski slovär v 5-ti tomah [Slavic Antiquities : Ethnolinguistic Dictionary] [Dictionary]. – M. : Mejdunarodnye otnoşenia, 1995. – 146 p

13 **Pimenova, M. V.** Obrazy i simvoly lunny v proizvedeniiakh A. S. Pushkina [Images and Symbols of the Moon in the Works of A. S. Pushkin] [Text]. – Chita, 2007. – 298 p.

14 **Seidimbek, A.** Qazaq älemi [The Kazakh World] [Text]. – Almaty, 1999. – 416 p.

15 **Khisamitdinova, F. G.** Mifologicheskii slovar' bashkirskogo yazyka [Mythological Dictionary of the Bashkir Language] [Dictionary]. – М. : Nauka, 2010. – 452 p.

16 **Katanov, N. F.** Materialy i soobshcheniia [Materials and Reports]. [Text] – Abakan, 1958. – 567 p.

17 **Agel, Jerome.** The Lunar Effect: Biological Tides and Human Emotions Garden City. – N. Y. : Anchor Press, 1978. – 200 p. [Electronic resource]. – <https://www.amazon.com/Lunar-Effect-Biological-Tides-Emotions/dp/0385128975>

18 **Zakharova, T. V.** Fol'klorno-simvolicheskie obrazovaniia v russkom i nemetskom iazykakh [Folklore-Symbolic Formations in Russian and German Languages]. Dissertation. – Novokuznetsk, 2016. – 204 p.

19 **Ualikhanov, Sh.** Tangdamaly shygharmalary [Selected Works]. – Т. 1. – Almaty, 1984. – 432 p.

20 **Früh, S.** Der Mond : Märchen, Brauchtum, Aberglaube [Text]. – Waiblingen : Verlag Stendel, 1999. – 125 p.

21.08.24 ж. баспаға түсті.

10.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*У. К. Исабекова¹, А. С. Қуанышев²

¹Казахский национальный
технический исследовательский
университет имени К. Сатпаева,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 21.08.24.

Поступило с исправлениями 10.01.25.

Принято в печать 25.11.25.

МЕСТО НЕБЕСНОГО ТЕЛА АУ ‘ЛУНА’ В КАЗАХСКОМ МИРОВОЗЗРЕНИИ

В статье отмечается, что среди небесных тел астрономическое название ау «луна», оказавшее особое влияние на казахское мировоззрение, имеет сложный характер и встречается во всех верованиях. Основная цель работы – раскрыть семантические свойства тюркских языков в кипчакской группе посредством историко-сравнительного исследования и показать картину мира

через паремии. Вместе с тем, начиная с древнетюркского периода, предполагается определить фонологическую, семантическую, грамматическую, прагматическую преемственность с современным казахским языком, взяв за основу изучение особенностей использования во всех тюркских письменных памятниках в сравнительно-историческом аспекте. Поскольку концепция ау «луна», изученная в этой статье, составляет основную базисную лексику, ожидается, что ее лексическое содержание будет найдено в языках мира. Материалами являются словари, относящиеся к тюркским и урало-алтайским языковым группам. Кроме того, в ходе анализа использовались этимологические словари. Светоизлучающее свойство луны, ее необычный цвет, изменчивый формат (фаза) создали семантическую систему в современных тюркских языках и послужили основой для создания разнообразных конструкций. Среди них мы оцениваем место казахского языка в историческом словаре, определяя уровень сохранности лексемы ау «луна», ее всестороннего использования и различных семантических аспектов в современном казахском языке. Тем самым, восстанавливая природу языка и среднетюркский словарный запас, мы стараемся выявить среднетюркскую мировоззренческую специфику.

Ключевые слова: тюркские языки, лексикология, семантика, образ мира, луна.

*U. K. Isabekova¹, A. S. Kuanyshev²

¹K. I. Satpayev Kazakh National
Technical Research University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 21.08.24.

Received in revised form 10.01.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE PLACE OF THE CELESTIAL BODY AY ‘MOON’ IN THE KAZAKH WORLDVIEW

The article notes that among the celestial bodies, the astronomical name ay «moon», which had a special influence on the Kazakh worldview, has a complex character and is found in all beliefs. The main purpose of the work is to reveal the semantic properties of the Turkic languages in the

Kipchak group through historical and comparative research and to show a picture of the world through paroemias. At the same time, starting from the ancient Turkic period, it is proposed to determine the phonological, semantic, grammatical, and pragmatic continuity with the modern Kazakh language, based on the study of the features of use in all Turkic written monuments in a comparative historical aspect. Since the concept of ay «moon», studied in this article, forms the basic basic vocabulary, it is expected that its lexical content will be found in the languages of the world. The materials are based on dictionaries related to the Turkic and Ural-Altaic language groups. In addition, etymological dictionaries were used during the analysis. The light-emitting property of the Moon, its unusual color, and changeable format (phase) created a semantic system in modern Turkic languages and served as the basis for creating various constructions. Among them, we evaluate the place of the Kazakh language in the historical dictionary, determining the level of preservation of the ay «moon» lexeme, its comprehensive use and various semantic aspects in the modern Kazakh language. Thus, by restoring the nature of the language and the Middle Turkic vocabulary, we try to identify the Middle Turkic ideological specifics.

Keywords: Turkic languages, lexicology, semantics, image of the world, Moon.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz